Бекітемін:
Қарой ЖББМ
директоры Н.Б.Туякова

_______________

**Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы**

**Білім беру ұйымы** Қарой ЖББМ «Күншуақ» шағын орталығы
**Топ:** «Күншуақ»
**Балалардың жасы** 5 жас
**Жоспардың құрылу кезеңі** 04-07 наурыз
2023-2024 оқу жылы
**1-апта**

| **Күн тәртібінің кезеңдері** | **Дүйсенбі 04.03.2024** | **Сейсенбі 05.03.2024** | **Сәрсенбі 06.03.2024** | **Бейсенбі 07.03.2024** | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балаларды қабылдау** | Балаларды көтеріңкі көңіл-күймен келуіне жағдай жасау. Балалардың тәрбиешінің толық аты - жөнін атап сәлемдесуді пысықтау. Баладан қандай көңіл күймен келгенін сұрап, баланы жеке пікірін білдіруге тарту **(сөйлеуді дамыту).** | | | | |
| **Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен, кеңес, әңгімелесу** | Балалардың көңіл күйі, денсаулығы жайында ата-анамен әңгімелесу. | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)** | "Комплимент" сәлемдесу Мақсаты: өзіне деген сенімділікті арттыруға ықпал ету. Балалардын допты шеңберге өткізіп, бір – біріне беру арқылы мақтау айтуды дамыту<br>**Балалармен жеке жұмыс.** | | | | |
| | Құрастыру материалдарымен, табиғи заттармен құрастыру ойындарын ойнату.<br>**(танымдық іс әрекет)** | Балалар арасында достық қарым-қатынасты тәрбиелеу үшін, балалармен шағын орталықтарында еркін | Жеке ойындар (пазлдар, робототехника құралдары, шашка, бестемше).<br><br>сурет салу, суретті | Кітаптарды қарату, Кітаптың безендірілуіне, иллюстрацияларына зейіндерін аудару.<br>**(көркем әдебиет)**<br>Табиғат бұрышындағы | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | ойындарды ұйымдастыру, үстел үсті ойындары, логикалық ойындар. Қазақстан жайлы карталарды. (жануарлар құстар, өсімдіктер жайлы) қарату **(танымдық іс әрекет)** | кітапшаларды бояуда түстерді өз қалауы бойынша таңдауын дамыту **(танымдық, бейнелеу іс-әрекеті)** | еңбек (бөлме өсімдіктеріне күтім жасату) **Балалармен жеке жұмыс.** Құрастыру материалдарымен, табиғи заттармен құрастыру ойындарын ойнату. Өнер орталығында сурет салғызу, суретті кітапшаларды бояуда түстерді өз қалауы бойынша таңдауын дамыту **(бейнелеу іс-әрекеті)** | |
| **Таңертеңгі жаттығу** | Наурыз айына арналған таңертеңгі жаттығуларды орындату **(Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті).** Таңертеңгі жаттығуды орындауға қызығушылық тудыру, дене бітімін қалыптастыру, нығайту. | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық** | Шаттық шеңбер<br>Аналар күні деген не? Сен не білесің? Ол қандай күн? тақырыбында балалармен жеке әңгімелер жүргізу. Бірлескен жоспарларды, мәселелерді талқылату, қызығушылықтары бойынша әрекет түрін таңдату, ережелер туралы келісу және т. б. **(сөйлеуді дамыту)** | | | | |
| **Мектепке дейінгі ұйымның кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекеттер** | **Сөйлеуді дамыту**<br>«Аналарға арналған алғыс»<br>Міндеттері: Интонациясы бойынша сөйлемдерді (хабарлы, сұраулы, лепті) ажыратып, сөйлегенде қолдана білуді дамыту. Аналарға арналған алғыс сөздерді айтуды дамыту.<br><br>**Дене шынықтыру** | **Көркем әдебиет**<br>Міндеттері: Ертеңгілік мерекесіне қатыстыру<br><br>**Музыка**<br>Қазақ халық аспаптары: домбырамен қобыз үнінің темврлік ерекшеліктерімен, «күй»жанрымен таныстыру. | **Сауат ашу негіздері**<br>Кешегі күні танысқан ұлттық жәдігерлер мен заттарды танып атау сөздерін буынға бөлгізу. Міндеттері: Буын туралы ұғымдарды қалыптастыру. Нүкте лерді, тамшы тәрізді пішіндерді олардың арасындағы арақашықтықты сақтап | **Сөйлеуді дамыту**<br>Тақпақ жаттау. Міндеттері: Сөйлеуде интонациялық мәнерлілік құралдарын қолдануды үйрету: дауысқаркынын, логикалық үзіліспен екпінді реттеуді үйрету Тақпақ жаттату.<br>Көктем<br>Көктем келді бүгін,<br>Күн төкті нұрын. | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | <u>Жалпы дамытушы жаттығулар.</u><br><u>Негізгі қимылдар:</u><br>*Жүру:* ересектің белгісімен тоқтап, қозғалыс бағытын өзгертіп, шашырап жүру;<br>*Еңбектеу, өрмелеу:* бірнеше заттардан еңбектеп өту, әртүрлі тәсілдермен құрсаудың ішіне еңбектеп өту<br>*Лақтыру, қағыпалу, домалату:* 2–2,5 метр арақашықтықтағы нысанаға құм салынған қапшықты, асықты лақтыру<br>*Сапқа тұру, сап түзеу, сапқа қайта тұру:* сапқа бір, екі, үш қатармен тұру,сап түзеп,бір және екі,үш қатармен қайта тұру.<br><br><u>Қимылды ойын:</u><br>Құрлар<br>**Математика негіздері**<br>10 көлеміндегі сандарды салыстыру<br>Міндеттері: саны кем затқа бір зат қосу арқылы теңсіздіктен теңдік немесе саны көп заттан біреуін алып тастау арқылы | **Сауат ашу негіздері**<br>«Ана, қыз»<br>Міндеттері: ана қыз бір буындысөздерден сөйлем құрастыруға (ауызша) үйрету. Қысқа, ұзын сызықтарды жазуға мүмкіндік беру.<br><br>**Сурет салу Мүсіндеу Жапсыру,құрастыру**<br>«Аналар мен қыздар»<br>Міндеттері: Аналар мен қыздардың баяғы заманнан әдемі болып жүргенін суреттер арқылы көрсетіп, олардың киімдері заттарының ою өрнектерінің атауымен таныстыруды жетілдіру.<br>Тік сызықтардың әртүрлі үйлесуімен құрылған қазақ ою-өрнегінің элементтерін салуды дамыту.<br>Қазақ халқының зергерлік бұйымдарын Қалауы бойынша мүсіндету және оларды ою-өрнектермен және қосымша заттармен | жазуға мүмкіндік беру.<br><br>**Дене шынықтыру**<br><u>Жалпы дамытушы жаттығулар.</u><br><u>Негізгі қимылдар:</u><br>*Жүру:* ересектің белгісімен тоқтап, қозғалыс бағытын өзгертіп, шашырап жүру;<br>*Жүгіру:* жүрумен алмастыра отырып, 100-120 метр арақашықтықта жүгіру;<br>*Еңбектеу, өрмелеу:* бірнеше заттардан еңбектеп өту, әртүрлі тәсілдермен құрсаудың ішіне еңбектеп өту<br><br><u>Қимылды ойын:</u><br>Мүсін болып тұр<br><u>Спорттық жаттығулар:</u><br>Спорт түрлерімен таныстыруды жалғастыру. Спортзалда және спорт алаңында қауіпсіздікті сақтауғабаулу.<br><br>**Қазақ тілі**<br>«Ұлттық заттар» | Сайрап барлық құстар,<br>Ән салуға құштар.<br><br>Түрлі-түсті әйбат,<br>Гүлдер шықты жайнап.<br>Қызыл-жасыл аймақ,<br>Қырға шықты қойнап.<br>*Б.Жақып*<br><br>**Музыка**<br>Қазақ халық аспаптары: домбырамен қобыз үнінің тембрлік ерекшеліктерімен, «күй»жанрымен, күйші-композиторлар: Қорқыттың, Тәттімбеттің шығармаларымен таныстыру.<br><br>**Сауат ашу**<br>«Буын»<br>Міндеттері: Назарын терезеге аудыру. Не көріп тұрғандарын сұрау. Көктемнің белгілерін атап , сол сөздерді буынға бөлгізу. Буын туралы ұғымдарды қалыптастыру, буындардың санымен ретін анықтату.<br>Нүктелерді, тамшы тәрізді пішіндерді олардың | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | теңдіктен теңсіздік шығару жолдарын меңгерту.<br>Фребель таякшаларымен жұмыс жасату.<br>Тік және көлбеу таяқшаларды<br>Дәптердің тор көзінде сызуға үйрету.<br><br>**Қоршаған ортамен таныстыру**<br>Аналар күні<br>Міндеттері: Мемлекеттік мерекелердің<br>Халықаралық әйелдер күні маңыздылығын түсіндіру,оларға қатысуда белсенділігін дамыту.<br>Ертеңгілікке арналған тақпақтарын пысықтап қайталату. | (моншақ, дән) безендіргізу, жұмыс барысында әртүрлі пішінді кескіштерді қолдану, олардың бетіне бедерлер жасауды үйрету.<br>Қазақ халқының киіз үйінің жабдықтарымен заттарын қалауы бойынша қағаздан қиып жапсырткызу<br>Шығармашылық ойлауды және қиялдыд амыту. Құрастыру әдістерін қолданып қағаздан жазық материалды көлемді пішінге өзгерте білуді бекіту | Міндеттері:<br>Балалардың қоршаған ортаға өзінің қарым-қатынасын білдіруге, ауызекі сөйлеуде көркем сөздерді қолдануына қолдау көрсету. Ұлттық заттарды көктемнен басқа қай уақытта қолдануға болатынын анықтату.<br><br>**Математика негіздері**<br>Заттарды топтастырғызу.<br>Міндеттері: «Бір» сөзінің мағынасы, ол тек бір затты ғана емес,сондай-ақ жиынның бір бөлігі ретінде заттардың тобын білдіретінін түсіндіру. Тік және көлбеу таяқшаларды Дәптердің тор көзінде сызуға үйрету. | арасындағы арақашықтықты сақтап жазуға мүмкіндік беру.<br><br>**Қоршаған ортамен таныстыру**<br>Суретті карточкаларды құрастыру.<br>Міндеттері: Сол бойынша өз ойларын айтқызу.Адам табиғаттың бір бөлігіекенін және оны қорғау, сақтау керек екенін, күн мен ауаның адам, жануарлар мен өсімдіктер өміріндегі маңызы туралы, табиғатпен қарым-қатынас барысында денсаулықты нығайтуды, табиғатты сақтауда жауапкершілікті сезіне білу дағдысын пысықтау. | |
| **Балалардың дербес әрекеті**<br>**(баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар** | Кітаптарды қарату, туыстық байланыстарды түсіну (өз жұрты, атасымен әжесі, жақын туыстары, нағашы жұрты), өзінің жеті атасын білуді | Ең жақсы сөз<br>Ең жақсы сөз – Ана,<br>Ең жақсы сөз – Бала.<br>Өсіп жатса бала,<br>Ана оған пана.<br>Аман болсын Ана, | «Көктемгі бақша» тақырыбында ұжымдық жұмыс жасату<br>**(Шығармашылық іс-әрекет)**<br>Кітаптарды карату. | Көктемгі бақша бейнесі бар пазлдарды жинату, логикалық ойын тапсырмаларын орындату<br>**(Танымдық, зерттеу іс әрекет)** | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **қарау және тағы басқа әрекеттер)** | жетілдіру. Жеті ата Қазақ халқының ерекшелігі екенін түсіндіру.<br>**((Қарым-қатынас танымдық іс-әрекет)**<br><br>Балалардың қалауы бойынша орталықтарға бөлініп туда бейнеленген күн мен құстың мүсінін жасату. Туды қағаздан қиып жапсыруды ұйымдастыру.<br>**(Шығармашылық іс-әрекет)** | Аман болсын Бала.<br>*Н.Жатаев*<br>Тақпақты жаттату. Бір біріне айтып беруін үйрету.<br>**(Қарым-қатынас және танымдық іс-әрекет)** | Тақпақ жаттату. Еркін сахналау әрекетіне жағдай жасау<br>**(Қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет)** | Еркін шығармашылықпен айналысуына мүмкіндік беру. | |
| **Балалармен жеке жұмыс** | Заттардан еңбектеп өтуге талпындыру | Құрдастарымен қарым-қатынас жасай алуға, бірге, келісіп ойнауға талпындыру | Ойын жеткізе алуды , өз пікірін айтуға талпындыру | Мазмұнның бірізділігін сақтай отырып, шығарма мазмұнын қайталап айта алуға үйрету | |
| **Серуенге дайындық** | Киімдерін реттілік сақтап дұрыс киінуге үйрету. Достарына көмектесу.<br>Қатармен жұптасып жүруді, қатарды бұзбауды үйрету. Таза ауада қандай ойындар ойнайтынын балалармен жоспарлау. (**сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту**). | | | | |
| **Серуен** | Бақша ауласындағы бұтақтарды жинату<br>**(еңбек іс-әрекеті)**<br>Қимылды ойын «Кегли»<br>Балалардың еркін ойыны | Қимылды ойын «Жүгіріп өтуге үлгер»<br>Балалардың еркін ойыны | Қимылды ойын «Кегли»<br>Көңілді әуенге би билеу, ән тыңдау.<br>**(музыка)**<br>Балалардың еркін ойыны | Қимылды ойын «Кегли»<br><br>Балалардың еркін ойыны | |
| **Балалардың үйге қайтуы** | Үйде ертегі кітаптарының суретіне қарап, ертегі айтып беруін өтіну, ұсыну.<br>Апта бойы алған әсерлерімен бөлісу, жасалған жұмыстар жайлы балалармен әңгімелесуге кеңес беру | | | | |

Бекітемін:
Қарой ЖББМ
директоры Н.Б.Туякова

**Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы**

**Білім беру ұйымы** Қарой ЖББМ «Күншуақ» шағын орталығы
**Топ:** «Күншуақ»
**Балалардың жасы** 5 жас
**Жоспардың құрылу кезеңі** 11-15 наурыз
2023-2024 оқу жылы
**2-апта**

| Күн тәртібінің кезеңдері | Дүйсенбі 11.03.2024 | Сейсенбі 12.03.2024 | Сәрсенбі 13.03.2024 | Бейсенбі 14.03.2024 | Жұма 15.03.2024 |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балаларды қабылдау** | Көңілді музыка қойып, көтеріңкі көңіл-күймен қарсы алу. Баладан қандай көңіл күймен келгенін сұрап, сәлемдесуді пысықтау, ауа райы туралы баланың жеке пікірін білу. **(сөйлеуді дамыту).** | | | | |
| **Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен, кеңес, әңгімелесу** | Балалардың көңіл күйі, денсаулығы жайында ата-анамен әңгімелесу.<br>Ата аналарды толғандыратын сұрақтарға жауап беру. Кеңестер беру. Жыл басы Наурыз мерекесін тойлау бойынша ұсыныстар қабылдау. | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)** | Топта балалармен шағын ойын орталықтарында еркін ойындарды ұйымдастыру, үстел үсті ойындары.<br>Өнер орталығында сурет салу, суретті кітапшаларды бояту,<br>Интелектум құрастыру материалдарымен құрастыру ойындары, кітаптарды қарату, ертегілер, әңгімелер айту. | | | | |
| | Табиғат бұрышындағы еңбек (бөлме өсімдіктеріне күтім жасату)<br>**Балармен жеке жұмыс.** | Дидактикалық ойын «Айырмашылығын тап», «Қай ойыншық жоқ», «Ұқсайды-ұқсамайды» | Менің ертегі кейіпкерім, әр түрлі заттардан құрастырып ойындар ойнату. | Таныс дене жаттығуларын музыка әуенімен әсем және ырғақты орындату. Қимылдардың ырғағын музыка әуенімен үйлестіруді дамыту.<br>**(музыка)** | Құрастыру материалдарынан киіз үй құрастырғызу.<br>**Киіз үй** бөлшектерін тани білуді пысықтау.<br>**(Танымдық, іс-әрекеті)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Таңертеңгі жаттығу** | Наурыз айына арналған таңертеңгі жаттығуларды орындау (**Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті**). | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық** | Шаттық шеңбері.<br>Үлкенге де сіз,<br>Кішіге де сіз.<br>Құрметпенен сіздерге,<br>Сәлем бердік біз.<br>Әр түрлі жұмсақ ойыншықтарды беру арқылы бір біріне жақсы сөздер айту.<br>Жаңалықтарымен бөлісу. Жыл басы «Наурыз» мерекесі тақырыбында әңгімелесу. Бірлескен жоспарларды, мәселелерді талқылау, қызығушылықтары бойынша әрекет түрін таңдау, ережелер туралы келісу және т. б. **(сөйлеуді дамыту)** | | | | |
| **Мектепке дейінгі ұйымның кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекеттер** | **Сөйлеуді дамыту**<br>«Қазақ халқының салт-дәстүрлері»<br>Міндеттері:<br>салт дәстүрлер мен таныстыруды жалғастыру, «Асар», «Сүйінші сұрау» дәстүрлерінің мәнін ұлттық бұрышта ойын түрінде ойнатып түсіндіру. | **Көркем әдебиет**<br>Жұмбақ шешу, айтыс өнерін таныстыру.<br>Міндеттері:<br>Айтысты тыңдап, не туралы екенін түсінгенін айту. | **Сауат ашу негіздері**<br>Әр түрлі заттарды, карточкаларды қолданып үйлестіріп сөйлем құрату.<br>Міндеттері: Сөйлем сөздерден тұратынын түсіндіру.<br>Әртүрлі бағыттағы тігінен, көлденең ирек сызықтарды жазуға мүмкіндік беру | **Сөйлеуді дамыту**<br>«Асар»,«Сүйінші сұрау»<br>Міндеттері: Қазақ халқының салт-дәстүрлерімен таныстыруды жалғастыру, «Асар», «Сүйінші сұрау» дәстүрлерінің мәнін өздері айтып түсіндіруін жетілдіру. | **Көркем әдебиет**<br>Жұмбақ шешу<br>Міндеттері:<br>Өзі ащы, Бірақ, Дәмді етер асты. (Тұз)<br><br>Аспан түстес сұйық, Әркім ішер құйып.(Су) |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **Дене шынықтыру**<br>Жалпы дамытушы жаттығулар.<br>Негізгі қимылдар:<br>*Жүру:* ересектің белгісімен тоқтап, қозғалыс бағытын өзгертіп, шашырап жүру;<br>*Тепе-теңдікті сақтау:* әр қадам сайын допты алдынан немесе артынан қолдан-қолға ауыстыра отырып, кедір-бұдыр тақтай бойымен жүру;<br>*Секіру:* бір аяқпен және қос аяқпен құрсаудан құрсауға секіру (арақашықтықтығы 40 сантиметр), алға айналдыра отырып, ұзын және қысқа секіргіштен секіру<br>*Лақтыру, қағыпалу, домалату:* 2–2,5 метр арақашықтықтағы нысанаға құм салынған қапшықты, асықты лақтыру<br>Қимылды ойын:<br>Қалпақ және кішкене таяқша<br><br>**Математика негіздері** | **Сауат ашу негіздері**<br>Сөйлем сөздерден тұратынын түсіндіру.<br>Міндеттері: Әр түрлі заттарды, карточкаларды қолданып үйлестіріп сөйлем құрату.<br>Әртүрлі бағыттағы тігінен, көлденең ирек сызықтарды жазуға мүмкіндік беру<br><br>**Сурет салу**<br>**Мүсіндеу**<br>**Жапсыру, құрастыру**<br>«Ұлттық заттар»<br>Міндеттері:Қазақхалқынынөмірін, еңбегін,тұрмысын көрсете отырып, қазақ ертегілерінің желісі бойынша сурет салдырту.<br><br>Міндеттері: Ұлттық әшекей заттарды мүсіндету. Жұмыс барысында әртүрлі пішінді жасауда кескіштерді қолдану | **Дене шынықтыру**<br>Жалпы дамытушы жаттығулар.<br>Негізгі қимылдар:<br>*Жүру:* ересектің белгісімен тоқтап, қозғалыс бағытын өзгертіп, шашырап жүру;<br>*Тепе-теңдікті сақтау:*әр қадам сайын допты алдынан немесе артынан қолдан-қолға ауыстыра отырып, кедір-бұдыр тақтай бойымен жүру;<br>*Секіру:* бір аяқпен және қос аяқпен құрсаудан құрсауға секіру (арақашықтықтығы 40 сантиметр), алға айналдыра отырып, ұзын және қысқа секіргіштен секіру<br>*Сапқа тұру, сап түзеу, сапқа қайта тұру:* сапқа бір, екі, үш қатармен тұру, сап түзеп, бір және екі, үш қатармен қайта тұру.<br>Қимылды ойын:<br>Сақинаны таяқшаға іл | **Музыка**<br>Әртүрлі сипаттағы әндерді өз бетінше және шығармашылықпен орындауға баулу<br><br>**Сауат ашу негіздері**<br>Сөйлем сөздерден тұратынын түсіндіру.<br>Міндеттері: Жыл басы «Наурыз» мерекесін тойлауға арналағна заттарын суреттерімен сөйлем құрату. Әртүрлі бағыттағы тігінен, көлденең<br>ирек сызықтарды жазуға мүмкіндік беру<br><br>**Қоршаған ортамен таныстыру**<br>«Автобус аялдамасы», «Жаяу жүргіншілер жолы» Міндеттері: жол белгілерімен таныстыруды жалғастыру. Жолаушы жүргізуші ролінде болып ойнату. | Күрең қызыл түсі бар, Тағамдардың асылы,<br>Қуат берер күші бар. (Табанан) жұмбақ шешу, айтыс өнеріне баулу<br><br>**Математика негіздері**<br>Пішін<br>Міндеттері: пішіннің бір формасынан екіншісін қалай жасау керектігі туралы ұғымдарды дамыту. Қима карточкалармен жұмыс.<br>Нүктелерді, өрнектерді дәптердің тор көзінде сызуға үйрету.<br><br>**Дене шынықтыру**<br>Жалпы дамытушы жаттығулар.<br>Негізгі қимылдар:<br>*Жүру:* ересектің белгісімен тоқтап, қозғалыс бағытын өзгертіп, шашырап жүру;<br>*Тепе-теңдікті сақтау:* әр қадам |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Беттестіру, тұстастыру және жұппен салыстыру<br>Міндеттері: тәсілдерін қолдана отырып, киіз үй бөлшектерін салыстыруды үйрету нүктелерді, өрнектерді дәптердің тор көзінде сызуға үйрету.<br><br>**Қоршаған ортамен таныстыру**<br>«Асар»<br>Міндеттері: Жоспарланған нәтижеге жетуге, өзімен құрдастарының еңбегінің, шығармашылық әрекеттерінің нәтижелерін бағалауға және құрметпен қарауға, кішілерге көмек көрсетуге, қажет болған жағдайда оларға жүгінуге баулу. Асар дәстүрін түсіндіру. | Заттардан қалауы бойынша қиып жапсыру, оларды ою-өрнектермен безендіруді жетілдіру.<br><br>Табиғи (ағаш, мақта, жүн, жіп, асық, қағаз, тері, кенеп, мата, дәннің түрлері) және қалдық заттардан құрастыруға баулу. Киіз үй құрастырғызу. | <u>Спорттық жаттығулар:</u><br>Спорт түрлерімен таныстыруды жалғастыру. Спорт залда және спорт алаңында қауіпсіздікті сақтауға баулу.<br><br>**Қазақ тілі**<br>Міндеттері: Тілдік және артикуляциялық аппаратты, тыныс алуды және таза дикцияны дамыту. «Сағат», «Алтыбақан» артикуляциялық жаттығуын орындату. Тіл ұстарту үшін жаттату.<br>ша-ша-ша<br>Ойынсауық тамаша.<br>Суықай ғой – қараша.<br><br>**Математика негіздері**<br>«Пішін»<br>Міндеттері:<br>Пішіннің бір формасынан екіншісін қалай жасау керектігі туралы ұғымдарды | | сайын допты алдынан немесе артынан қолдан-қолға ауыстыра отырып, кедір-бұдыр тақтай бойымен жүру;<br>*Еңбектеу, өрмелеу:* бірнеше заттардан еңбектеп ету, әртүрлі тәсілдермен құрсаудың ішіне еңбектеп ету<br>*Секіру:* бір аяқпен және қос аяқпен құрсаудан құрсауға секіру (арақашықтықтығы 40 сантиметр), алға айналдыра отырып, ұзын және қысқа секіргіштен секіру<br><br><u>Қимылды ойын:</u><br>Бүрге<br><u>Спорттық жаттығулар:</u><br><br>**Қазақ тілі**<br>Міндеттері:қазақ тіліне тән ә, ө, қ, ү, ұ, і, ғ, ң, һ дыбыстарын, дұрыс айтқызу. Осы дыбыстардан тұратын сөздерді дұрыс айтуға |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | дамыту.<br>Геометриялық фигуралармен ойын ұйымдастыру<br>Нүктелерді, өрнектерді дәптердің тор көзінде сызуға үйрету. | | дағдыландыру.<br>Тіл ұстарту, жаттату.<br>өс-әс-ес<br>Ұстаның құралы төс.<br>Жігіт болып өс.<br>ұс-ұс-ұс<br>Аққу парасатты құс<br>ұр-ұр Аман-есен жүр |
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)** | Үйдегі, балабақша тобындағы міндеттері туралы түсініктерін кеңейту. Ненің «дұрыс»немесе «дұрыс емес», «жақсы» немесе «жаман» екенін түсінуге және ажырата білуге үйрету.<br>**(Танымдық, зерттеу іс-әрекет )** | Қазақ халқының табиғи материалдардан жасалған тұрмыстық заттарымен таныстыру, олардың қандай материалдан жасалғанын зерттеуін ұйымдастыру.<br>**(құрастыру)** | Кітаптардан наурыз тойының суреттерін көріп, эмоционалды-бейнелік мазмұнын қабылдауға, баяндау сипатын сезінуге баулу.<br>**(Қарым-қатынас іс-әрекеті)** | Табиғи және қалдық материалдардан, қағаздардан өзінің көктемгі табиғат жайында шығармашылық жұмысын жасату<br>**(Танымдық, шығармашылық іс-әрекеттер)** | Киіз үйге ішіндегі заттарын жапсырту. Ермексаздан ұлттық ыдыстарды жасату.<br>**(Шығармашылық іс-әрекеті)** |
| **Балалармен жеке жұмыс** | Ойын жеткізе алуға , өз пікірін айтуға талпындыру | Дауысты/дауыссыз дыбыстарды ажыратуға ынталандыру | Заттардың пішіндерін анық айта алуды үйрету | Заттарды салыстыру тәсілдерін үйрету | Белгіленген жерге дейін жылдамдыққа жүгіруді талпындыру |
| **Серуенге дайындық** | Киімдерін реттілік сақтап дұрыс киінуге үйрету. Достарына көмектесу. Өз өмірінің қауіпсіздігін сақтауды үйрету.<br>Қатармен жұптасып жүруді, қатарды бұзбауды үйрету. Таза ауада қандай ойындар ойнайтынын балалармен жоспарлату. (**сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту)**. | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Серуен** | **Қимылды ойын**<br>«Кім жылдам»<br>Балалардың еркін әрекеті.<br><br>«Орамал тастамақ»<br>Балалардың еркін<br><br>Балабақша ауласындағы гүлдермен ағаштарға күтім жасату.<br>**(еңбек әрекеті)** | «Ата анаңа тіл тигізбе» тақырыбында әңгімелесу.<br>**(Қарым-қатынас іс-әрекеті)**<br><br>**Қимылды ойын**<br>«Орамал тастамақ» | Өмірінің қауіпсіздігін сақтауды үйрету (бейтаныс адамдармен сөйлеспеу, ойнамау, бөтен машиналарға отырмау, бейтаныс адамдардың өтініштерін орындамау, олардың соңынан ермеу).<br>**(Танымдық, іс-әрекеті)**<br><br>Ұлттық ойын<br>«Ханталапай»<br>Балалардың еркін ойыны | **Қимылды ойын**<br>«Орамал тастамақ»<br>Балалардың еркін әрекеті.<br>Таныс дене жаттығуларын музыка әуенімен әсем және ырғақты орындату. Қимылдардың ырғағын музыкалық әуенге үйлестіруді дамыту.<br>**(музыка)** | Ұлттық ойын<br>«Ханталапай»<br>Ұлттық қимылды ойындарды ойнату.<br>Балалардың еркін ойыны<br><br>«Жақсы адам деген қандай адам?» әңгімелесу.<br>**(Қарым-қатынас іс-әрекеті)** |
| **Балалардың үйге қайтуы** | Апта бойы балалардың қандай іс әрекеттер жасағаны туралы айтып беру.<br>Көктемгі мерекелер, еңбек бойынша балалармен әңгімелесу, еңбек әрекетін ұйымдастыруды ұсыну, | | | | |

Бекітемін:
Қарой ЖББМ
директоры Н.Б.Туякова

# Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы

**Білім беру ұйымы** Қарой ЖББМ «Күншуақ» шағын орталығы
**Топ:** «Күншуақ»
**Балалардың жасы** 5 жас
**Жоспардың құрылу кезеңі** 18-20 наурыз
2023-2024 оқу жылы
**3-апта**

| Күн тәртібінің кезеңдері | Дүйсенбі 18.03.2024 | Сейсенбі 19.03.2024 | Сәрсенбі 20.03.2024 | | |
|---|---|---|---|---|---|
| Балаларды қабылдау | Балалардың денсаулығын бақылау, оларды көтеріңкі көңіл-күймен қарсы алу. Балалар үшін жайлы жағдай жасаумен бүгінгі көңіл күйі, оны не қызықтыратыны туралы сұрау **(Сөйлеуді дамыту-- коммуникативтік, танымдық әрекет)** | | | | |
| **Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен, кеңес, әңгімелесу** | Балалардың көңіл күйі, денсаулығы жайында ата-анамен әңгімелесу.<br>Жаңа жылдық ізгі істер жайлы ақпарат беру. | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)** | Топта балалармен шағын ойын орталықтарында еркін ойындарды ұйымдастыру, үстел үсті ойындары, логикалық ойындар.<br>Жаңа жыл мерекесін қалай өткізгендерін, қандай сыйлықтар алғаны туралы әңгімелесу.<br>Балалармен жеке жұмыс.<br>**(Қарым-қатынас іс-әрекеті және танымдық іс-әрекет)**<br>Топта балалар арасында достық қарым-қатынасты тәрбиелеу.<br>Балалармен жеке жұмыс. | | | | |
| | Сурет салу, суретті кітапшаларды бояуда түстерді өз қалауы бойынша таңдауын дамыту **(бейнелеу іс-әрекеті)** | Кітаптарды қарату, балалардың назарын кітаптың безендірілуіне, иллюстрацияларына аудару. **(көркем әдебиет)** | Табиғат бұрышындағы еңбек (бөлме өсімдіктеріне күтім жасау) **(танымдық іс-әрекет)** | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Таңертеңгі жаттығу** | Наурыз айына арналған таңертеңгі жаттығуларды орындату.<br>**Музыкалық-ырғақтық қимылдар**.<br>Түзубағыттаадымдапжүру.Жұбыменшеңбербойымен жүруді үйрету.<br>**(Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті).** | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық** | Шаттық шеңбері видео арқылы.<br>Өзін мәдениетті ұстау,әдепті және сабырлы болуды үйрету. **(Қарым-қатынас іс-әрекеті)**<br>Балалардан бүгінгі сезінген әсерлерімен бөлісуді ұйымдастырып, жаңалықтарды білуге ынталандыру.<br>Көктем мезгілінің ерекшеліктері? Көктемде ауа райы қандай? Көктемгі ойындар туралы не біледі және не білгісі келеді сұрау және бірлескен жоспарларды, мәселелерді талқылату, қызығушылықтары бойынша ұйымдастырылған іс әрекет түрін таңдау, ережелер туралы келісу және т. б. | | | | |
| **Мектепке дейінгі ұйымның кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекеттер** | **Сөйлеуді дамыту**<br>«Наурыз көже»<br>Міндеттері:<br>Шығармашылықпен әңгімелеп беруді жетілдіру: Сөйлегенде бейнелі сөздерді, эпитеттерді, салыстыруларды қолдануды жетілдіру. Наурыз көже туралы не білетіндерін сұрау. оны кім қалай жасайды әңгімелесу. | **Көркем әдебиет**<br>Шешендікке, сөз өнеріне баулу<br>Міндеттері: Мнемо кесте арқылы жаттату.<br>Мағынасын түсіндіру. Қай кезде қолданатындарын сұрау.<br>**Ізгі сөздер:**<br>Жақсы сөз- жарым ырыс.<br>Жалқаулық – ең жаман әдет. | **Сауат ашу негіздері**<br>Алтын сандық<br>Міндеттері: сандықтан бір зат таңдап, сол затқа сөйлем құра ойынын ойнату. Сөйлем туралы бастапқы түсініктерді қалыптастыру (грамматикалық анықтамасыз)<br>тамшы тәрізді пішіндерді олардың арасындағы арақашықтықты сақтап жазуға мүмкіндік беру. | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **Дене шынықтыру**<br>Жалпы дамытушы жаттығулар.<br>Негізгі қимылдар:<br>*Жүру:* ересектің белгісімен тоқтап жүру;<br>*Тепе-теңдікті сақтау:* кедір-бұдыр тақтай бойымен жүру;<br>*Жүгіру:* жүрумен алмастыра отырып, 100-120 метр арақашықтықта жүгіру;<br>*Лақтыру, қағып алу, домалату:* 2–2,5 метр арақашықтықтағы нысанаға құм салынған қапшықты, асықты лақтыру<br><br>Қимылды ойын:<br>Мүсін болып тұр<br><br>**Математика негіздері**<br>Қамшымен таныстыру<br>Міндеттері: аттың әр жағына қойып атату. Сөйлеуде белгілі бір заттың өзіне немесе басқа затқа қатысты орнын көрсете білуге үйрету. Берілген бағытта, оны белгі бойынша өзгерте отырып, бағдарлауын қалыптастыру. Қағаз парағын бағдарлай білуді бекіту. Қисық және қиғаш сызықтарды дәптердің тор көзінде | **Мақал-мәтелдер үйрету:**<br>Сіз деген әдеп, біз деген көмек.<br>Өнерлінің қолы алтын,<br>Өлеңшінің сөзі алтын.<br><br>**Музыка**<br>Би қимылдарын: қосалқы және ауыспалы қадам жасауды, әртүрлі бағытта жүгіруді және секіруді меңгеру.<br><br>**Сауат ашу негіздері**<br>Көктем Міндеттері: суретіндегі заттар атауын буынға бөлуді үйрету. Олардың қандай дыбыстан басталып тұрғанын сұрау. Буын туралы ұғымдарды қалыптастыру. Сөздерді буындарға бөлу, олардың саны мен ретін анықтату. Дәптерде нүктелерді, тамшы тәрізді пішіндерді олардың арасындағы арақашықтықты сақтап жазуға мүмкіндік беру.<br><br>**Сурет салу Мүсіндеу Жапсыру,құрастыру**<br>«Наурыз тойы»<br>Міндеттері: Наурыз айында наурыз мерекесіне арналған түрлі оюлармен безендірілген әшекей заттар мен киімдерді | **Дене шынықтыру**<br>Жалпы дамытушы жаттығулар.<br>Негізгі қимылдар:<br>*Жүру:* ересектің белгісімен тоқтап жүру;<br>*Тепе-теңдікті сақтау:* кедір-бұдыр тақтай бойымен жүру;<br>*Еңбектеу,өрмелеу:*бірнеше заттардан еңбектеп өту, әртүрлітәсілдерменқұрсаудыңішінееңбектепөту<br>*Сапқа тұру, сап түзеу, сапқа қайта тұру:* сапқа бір, екі, үш қатармен тұру,сап түзеп,бір және екі,үш қатармен қайта тұру.<br><br>Спорттық ойын элементтері:<br>Футбол элементтерін үйрету. Берілген бағытқа допты оң және сол аяқпен тебуді. Допты заттарды айналдыра жүргізу. Допты қақпаға тебу. Допты бірнеше ретаяқпен қабырғаға тебу<br><br>**Қазақ тілі**<br>«Наурыз»<br>Міндеттері: Сөздерді жіктеп, тәуелдеп, септеп қолданабілуді, | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | сызуға үйрету.<br><br>**Қоршаған ортамен таныстыру**<br>«Киіз үй»<br>Міндеттері: Қазақ халқының киіз үйінің маңыздылығын, оның құрылысы мен ішкі жабдықтарын тануын пысықтау. Қазақ халқының салт-дәстүрлерін білу және құрметтеу, қазақ халқының құндылықтарына құрмет танытуды үйрету.<br>жыл басы «Наурыз» мейрамы маңыздылығын түсіну, оларға белсенді қатысу белсенділігін дамыту. | көрсету. Оларды танып атауын атату. Топтарға бөлініп іс әрекеттер жасату.<br>Қазақ ою-өрнектерінің сипатын, колоритін жеткізе отырып, көлемді пішіндерді бояту,<br>Парактың ортасын, бұрыштарын, жоғарғы, төменгі, оң және сол жақтарын ажыратуды жетілдіру.<br><br>Қазақ халқының зергерлік бұйымдарымен (білезік, сырға,сакина, тұмар, шашбау), таныстыру, ермексаздан жасату. | интонациясы бойыншасөйлемдерді (хабарлы, сұраулы, лепті) ажыратып, сөйлегенде қолдана білудіжетілдіру. Суреттерге қарап сөйлем құрап, оларды дауыс интонациясы арқылы бере білуді дамыту.<br><br>**Математика негіздері**<br>Айлар, жыл мезгілдері<br>Міндеттері: Айлар, жыл мезгілдері туралы түсініктерді қалыптастыру. Олардың ретін білу және атау, циферблат бойынша уақытты анықтауды үйрету<br>Қисық және қиғаш сызықтарды дәптердің тор көзінде сызуға үйрету. | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)** | Балалардың қалауы бойынша орталықтарға бөлініп дербес шығармашылық әрекет жасауға мүмкіндік беру.<br>Жаңа реңктерді (көк, қызғылт, қою жасыл) бояудыараластыруарқылы шығаруды үйрету(гуашпенсурет салукезінде).<br>**(бейнелеу іс-әрекеті)**<br><br>«Жыл басына таласқан жануарлар» ертегісін естеріне түсіру. Қазір | Қағазды қиып жаңбыр тамшыларын жасату. Оларды терезелерге жапсырғызу.<br>**(Танымдық іс-әрекеті)**<br>Жасаған тамышыларды бояулармен сәндеу<br>**(Бейнелеу іс-әрекеті)**<br>Жаңбыр тамшыларының мүсінін ермексаздан жасату<br>**(Шығармашылық іс-әрекеті)**<br>Кітаптардан балалардың сұранысы бойынша ертегі, | Әлеуметтік оқиғаларды, балалар өміріндегі оқиғаларды жапсыруды үйрету.<br>**(Шығармашылық, танымдық іс-әрекет)**<br><br>Жақын адамдарға қалай қамқорлық жасау керектігі туралы сұрау. Суреттер арқылы науқасқа күтім жасау дағдыларын қалыптастыру: оған қамқорлық жасау, шуламау, оның өтініштерімен | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | қандай жануардың жылы екенін сұрау. Үстел үсті театры арқылы бір біріне айтып беруін ұйымдастыру. **(Қарым-қатынас іс-әрекеті)** | тақпақтар, әңгімелер оқып беру. Олардың сюжеттік бірізділігін сақтай отырып, мазмұндауын балаларға үйрету. **(Қарым-қатынас іс-әрекеті)** | тапсырмаларын орындау. Наукастарға жанашырлық танытуға тәрбиелеу | | |
| **Балалармен жеке жұмыс** | Өлендерді интонациямен оқуға талпындыру | Заттардан еңбектеп етуге талпындыру | Құрдастарымен қарым-қатынас жасай алуға, бірге, келісіп ойнауға талпындыру | | |
| **Серуенге дайындық** | Киімдерін реттілік сақтап дұрыс киінуге үйрету. Достарына көмектесу. Қатармен жұптасып жүруді, қатарды бұзбауды үйрету. Таза ауада қандай ойындар ойнайтынын балалармен жоспарлау. (**сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту**). | | | | |
| **Серуен** | «Мен не білемін» ойыны. «Бүгін не үйренгенін» әр түрлі заттарды пайдаланып айтуды ұйымдастыру. Наурыз алаңын лего құрастыру бөлшектері арқылы құрастыру, өзбетіншеойданқұрастыруға баулу **(танымдық іс-әрекеті)** **Қимылдыойындар.** Ұлттық қимылды ойындарды ойнату. Қимылды ойын «Үштабан» | Қимылды ойын «Ақсерек көксерек» Көңілді музыкаға би билету. **(музыка)** Балалардың еркін ойындары | Дидактикалық ойын «Бүгін мен үйрендім» Қимылды ойын «Атбақыл» | | |
| **Балалардың үйге қайтуы** | Ата-аналарға баланың наурыз мерекесі туралы не білетінін сұрауын ұсыну. Ертегі ойындарды үйде қайталауды ұсыну. | | | | |

Бекітемін:
Қарой ЖББМ
директоры Н.Б.Туякова

Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы

**Білім беру ұйымы Қарой ЖББМ «Күншуақ» шағын орталығы**
**Топ: «Күншуақ»**
**Балалардың жасы** 5 жас
**Жоспардың құрылу кезеңі** 26-29 наурыз
2023-2024 оқу жылы
**4-апта**

| **Күн тәртібінің кезеңдері** | | **Сейсенбі 26.03.2024** | **Сәрсенбі 27.03.2024** | **Бейсенбі 28.03.2024** | **Жұма 29.03.2024** |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балаларды қабылдау** | Балаларды көтеріңкі көңіл-күймен қарсы алу. Стикерлер арқылы көңіл күйлерін көрсете білуін жетілдіру. Баладан қандай көңіл күймен келгенін сұрап, сәлемдесуді пысықтау, баладан топтағы безендірулерге назар аударып, ұнаған заттары туралы айтуын жетілдіру. **(қарым қатынас мәдениеті).** | | | | |
| **Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен, кеңес, әңгімелесу** | Жолда қауіпсіздік сақтық шаралары туралы әңгімелесу. | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)** | Топта балалармен шағын ойын орталықтарында еркін ойындарды ұйымдастыру.<br>Құрастыру материалдарымен құрастыру ойындары, кітаптарды қарау,<br>**Балармен жеке жұмыстар.** | | | | |
| | | Табиғат бұрышындағы еңбек (бөлме өсімдіктеріне және жануарларына күтім жасату) | Өнер орталығында сурет салу, суретті кітапшаларды бояу, ермексазбен жұмыстар жасау. | «Тасша бала» ертегісін айту. өз бетінше сахналату. **(Қарым-қатынас іс-әрекеті)** | Топтағы, үйдегі ережелерді орындау жайлы, өзін өзі басқару тәртібі туралы әңгімелесу. Өз ойларын |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | айтқызу. **(Танымдық, зерттеу іс-әрекеті)** |
| **Таңертенгі жаттығу** | Наурыз айына арналған таңертеңгі жаттығуларды орындау (**Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті**). | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық** | Таңғы жиын. Балаларға жаңалықтарымен бөлісуді, жақсы тілектер тілеуді жасату.<br>«Жаңбыр туралы біз не білеміз?» тақырыбында әңгімелесу. «Жаңбырменен жер көгерер» деген сөздің мағынасын түсіндіру. Бірлескен жоспарларды, мәселелерді талқылату, қызығушылықтары бойынша әрекет түрін таңдату, ережелер туралы келісу және т. б. **(сөйлеуді дамыту)** | | | | |
| **Мектепке дейінгі ұйымның кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекеттер** | | **Көркем әдебиет**<br>«Ертегі құрастыру».<br>Міндеттері: Сахналық қойылымдарға қатысуға баулу. Өз бетінші киімдерді таңдап киіп, ертегі құрастырғызу. Білетін ертегіні сахналату.<br><br>**Музыка**<br>Қазақ халқының би өнерімен таныстыру | **Сауат ашу негіздері**<br>Алтын сандық<br>Міндеттері: сандықтан бір зат таңдап, сол затқа сөйлем құра ойынын ойнату. Сөйлем туралы бастапқы түсініктерді қалыптастыру (грамматикалық анықтамасыз)<br>тамшы тәрізді пішіндерді олардың арасындағы арақашықтықты сақтап жазуға мүмкіндік беру. | **Сөйлеуді дамыту**<br>Сипаттау.<br>Міндеттері:<br>Ойыншықтарды, заттарды, сюжеттік суреттер, табиғат құбылыстарын сипаттауда заттар мен нысандардың ерекшеліктерін білдіретін сөздерді дұрыс таңдауды пысықтау | **Көркем әдебиет**<br>Ертегілер елінде<br>Міндеттері:<br>Сахналық қойылымдарда рөлді орындауға ынталандыру. Өздері ұнататын ертегіні сахналату. |
| | | **Сауат ашу негіздері**<br>Сөйлем туралы бастапқы түсініктерді қалыптастыру (грамматикалық анықтамасыз). Міндеттері: Алтын сандықтан бір зат таңдап, сол затқа «Сөйлем құра» ойынын ойнату. Тамшы тәрізді пішіндерді олардың арасындағы арақашықтықты сақтап | **Дене шынықтыру**<br><u>Жалпы дамытушы жаттығулар.</u><br><u>Негізгі қимылдар:</u><br>*Жүру:* ересектің белгісімен тоқтап, қозғалыс бағытын өзгертіп, шашырап жүру;<br>*Жүгіру:* жүрумен алмастыра отырып, 100- | **Музыка**<br>қазақтың халықтық би өнері ерте заманнан қалыптасқандығын, ол халқымыздың аса бай ауыз әдебиетімен, ән-күйлерімен, дәстүрлі тұрмыс салтымен біте қайнасып келе жатқан ел мұрасы екенін түсіндіру | **Математика негіздері**<br>Айлар мен жылдар<br>Міндеттері:<br>Айлар, жыл мезгілдері туралы түсініктерді қалыптастыру, Олардың ретін |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | жазуға мүмкіндік беру.<br><br>**Сурет салу, Мүсіндеу Жапсыру, құрастыру**<br>Ұжымдық жұмыстарға, өз бетіншеойдансурет салуғамүмкіндік беру.<br>Міндеттері:ою-өрнектерменжәнеқосымша заттармен (моншақ, дән) безендіруді қалыптастыру.<br><br>Заттардан қалауы бойынша қиып жапсыру, оларды ою-өрнектермен безендіруді жетілдіру.<br><br>Қағазцилиндрлерденқазақх алқыныңұлттықбаскиімдер ін(тақия,сәукеле,кимешек) құрастыруды дамыту | 120 метр арақашықтықта жүгіру;<br>*Секіру:* бір аяқпен және қос аяқпен құрсаудан құрсауға секіру (арақашықтығы 40 сантиметр), алға айналдыра отырып, ұзын және қысқа секіргіштен секіру<br>*Лақтыру, қағып алу, домалату:* 2–2,5 метр арақашықтықтағы нысанаға құм салынған қапшықты, асықты лақтыру<br>Қимылды ойын:<br>Орындарыңа жылдам жет<br><br>**Қазақ тілі**<br>Көктем ерекшелігі<br>Міндеттері: Сөздерді жіктеп, тәуелдеп, септеп қолданабілуді, интонациясы бойыншасөйлемдерді (хабарлы, сұраулы, лепті) ажыратып, сөйлегенде қолдана білудіжетілдіру.<br>Суреттерге қарап сөйлем құрап, оларды дауыс интонациясы арқылы бере білуді дамыту. | **Сауат ашу негіздері**<br>Алтын сандық<br>Міндеттері: сандықтан бір зат таңдап, сол затқа сөйлем құра ойынын ойнату.<br><br>**Қоршаған ортамен таныстыру**<br>Карта<br>Міндеттері: Үй-жайларда, балабақша ауласында, жақын маңдағы шағын ауданды еркін бағдарлай білуді үйрету.<br>Балабақша ауласының картасын салуға үйрету. | білу және атау, циферблат бойыншауақытты анықтауды үйрету<br>Қисық және қиғаш сызықтарды дәптердің тор көзінде сызуға үйрету.<br><br>**Дене шынықтыру**<br>Жалпы дамытушы жаттығулар.<br>Негізгі қимылдар:<br>*Жүру:* ересектің белгісімен тоқтап, қозғалыс бағытын өзгертіп, шашырап жүру;<br>*Жүгіру:* жүрумен алмастыра отырып, 100-120 метр арақашықтықта жүгіру;<br>*Еңбектеу, өрмелеу:* бірнеше заттардан еңбектеп өту, әртүрлі тәсілдермен |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | **Математика негіздері**<br>«Жыл мезгілдері»<br>Міндеттері: Айлар, жыл мезгілдері туралы түсініктерді қалыптастыру. Олардың ретін білу және атау, циферблат бойынша уақытты анықтауды үйрету<br>Қисық және қиғаш сызықтарды дәптердің тор көзінде сызуға үйрету. | | құрсаудың ішіне еңбектеп өту<br>*Сапқа тұру, сап түзеу, сапқа қайта тұру:* сапқа бір, екі, үш қатармен тұру,сап түзеп,бір және екі,үш қатармен қайта тұру.<br>Қимылды ойын: Құрлар<br>Спорттық ойын элементтері:<br><br>**Қазақ тілі**<br>«Менің ойымша»<br>Міндеттері: Өз ойын жайылма сөйлемдермен жеткізуге мүмкіндік беру. Кітаптар қарату, әңгемелесу. |
| **Балалардың дербес әрекеті**<br>**(баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)** | | Өз өмірінің қауіпсіздігін сақтауды пысықтау (бейтаныс адамдармен сөйлеспеу, ойнамау, бөтен машиналарға отырмау, бейтаныс адамдардың өтініштерін орындамау, олардың соңынан ермеу).<br>**(Танымдық іс-әрекеті)**<br><br>Отырғызған ағаштар мен | Қазақ халқының тұрмыстық заттарымен, киім-кешегімен, азық-түлік өндірудегі тұрмыстық кәсібімен, тұрмыста, аң аулауда, мал өсіруде және егіншілікке қажетті құрал жабдықтарымен жабдықталған орта құруды үйрету.<br>Заттардың мүсінін | Спорттық ойын құралдарының суретін салу, мүсінін жасау, ұжымдық жапсыру жұмысын жасату.<br>**(зерттеу, танымдық іс-әрекет)**<br><br>Спорттық ойын құралдарын тану, салыстыру, қолдану | Апта бойы жасалған іс әрекеттерді естеріне түсіріп, ерекше әсер алған сәттермен бөлісу. Жаңа сөздерді пысықтау<br>**(Қарым-қатынас іс-әрекеті)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | гүлдердің қалай өсіп шығатынын суреттерден көріп, қағаздан қиып жапсырғызу. Қайшымен желімді дұрыс қолдану дағдыларын жетілдіру, еңбек қауіпсіздігі мен жеке гигиена ережелерін сақтауын қадағалау. **(жапсыру)** Наурыз мерекесіне арнап жаттаған тақпақтарын қайталау. | жасату немесе суретін салуын ұйымдастыру. **(Танымдық, шығармашылық іс-әрекеті)** | әдістерін зерттеуді меңгерту **(Танымдық, іс-әрекеті)** | |
| **Балалармен жеке жұмыс** | | Өзін мәдениетті, әдепті ұстауды үйрету | Жылдамдыққа жүгіруді баулу | Зат есімдерді сан есімдермен және сын есімдерді зат есімдермен байланыстырып айтуды қалыптастыру | Шынықтыру шараларының маңызы мен қажеттілігін түсіне алуын қамтамасыз ету |
| **Серуенге дайындық** | Киімдерін реттілік сақтап дұрыс киінуге үйрету. Достарына көмектесу. Қатармен жұптасып жүруді, қатарды бұзбауды үйрету. Таза ауада қандай ойындар ойнайтынын балалармен жоспарлау. (**сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту**). | | | | |
| **Серуен** | | Қимылды ойын «Бүрге» Балалардың еркін ойындары Құмда таяқшамен жаңбырдың бейнесін салу. | Қимылды ойын «Кетті кетті» Балалардың еркін ойындары Бормен жаңбырды, отырғызған гүл мен ағаштардың суретін салу. | Қимылды ойын «Ақ серек көк серек» Табиғи заттардан әр түрлі құрылымдар құрастыру. | Қимылды ойындар «Түйілген орамал» Балалардың еркін ойындары Мен не үйрендім? Дидактикалық ойын |
| **Балалардың үйге қайтуы** | Үйде бірге мультфилім көруді ұсыну Апталық жұмыстан не ұнағанын сұрау. | | | | |